

«STUDENT ENERGY CHALLENGE» ЗИЯТКЕРЛІК КОМАНДАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ ¹

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Student Energy Challenge» зияткерлік командалық байқауын өткізу ережесі мен тәртібін белгілейді.

2. Ережеде қолданылатын негізгі терминдер/ұғымдар

«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық байқауы (бұдан әрі - Байқау) – студенттер мәлімдеген ең перспективалы жобаларды анықтауға бағытталған іс-шара. Конкурс V кезеңнен тұрады, әрбір кезеңнің сипаттамасы осы Ережеде келтірілген. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген командалар саны шектелмеген.

Байқаудың ұйымдастырушысы – «KAZENERGY» қауымдастығы

Байқаудың демеушісі - «Шелл Казахстан» компаниясы

Байқаудың координаторы – ұйымдастырушының атынан тағайындалған, командалармен өзара іс-қимыл жасауға және конкурсты өткізуге жауапты тұлға.

Байқауға қатысушылар – қазақстандық жоғары оқу орындарының және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беретін (ЖООКБ) ұйымдардың 18 бен 29 жас аралығындағы студенттерінен құралған командалар. Команда үш-бес адамнан тұруы керек. Командаларда гендерлік тепе-теңдікті сақтау және командаларды қалыптастыру кезінде екі жыныстың өкілдерінен құрау ұсынылады. Ұйымдастырушы мен Демеуші ұлдар мен қыздардың өтінімдерін қолдайды және тең мүмкіндіктер қағидатын ұстанады.

Ғылыми жетекші – команда кураторының рөлін атқара алатын және жобаға жалпы басшылық жасай алатын, тапсырмалардың орындалуына мониторинг жүргізе алатын және осы Ережеге сәйкес, өз білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, байқау шеңберінде команданың жұмысын қадағалай алатын жоғары оқу орнының оқытушы құрамының мүшесі, командаға жобаны дайындау кезінде, оның зерттеулеріне және эксперименттеріне көмек көрсете алады.

Ментор² – тәуелсіз кеңесші-консультант. Бизнес орта, ғылыми орта, сараптамалық қоғамдастық өкілдері қатарынан ментор тартуға жол беріледі. Ментордың міндеттеріне команда жобасының перспективасын талдау және бағалау, мақсаттарды қою және оларға қол жеткізу жолдарын әзірлеуге көмек көрсету, ұқсас жобаларды, стартаптарды іске асыруда өз мысалын көрсету, психологиялық қолдау, командаға одан әрі қызмет ету үшін бағалау және ұсыныстар беру (мысалы, коммерцияландыру мүмкіндігі) кіреді.

Жобаларды әзірлеуге көмек көрсету мақсатында командаларға жеке ғылыми жетекшіні немесе менторды тартуға, сондай-ақ оларды жобаға бір мезгілде тартуға болады.

Ғылыми жетекші мен (немесе) ментор команда құрамына кірмейді.

Команданың капитаны – команданың конкурста шешуші нәтижеге қол жеткізуі мақсатында жалпы басшылықты, ұйымдастыруды және нұсқауды жүзеге асыратын көшбасшының қосымша міндеттері бар командадағы жетекші тұлға.

Тіркеу – осы Ережеде белгіленген мерзімдерге сәйкес <http://kazenergy.com> сілтемесі бойынша ұйымдастырушының сайтына команданың өтінім беруі.

¹ Ұйымдастырушы мен Демеуші осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, бұл туралы байқаудың командалары мен басқа да қатысушыларына алдын ала ескертіледі.

² Жол жүру және тұру шығындары конкурс қаражаты есебінен тек қана командалардың жобаларды қорғау кезінде не ғылыми жетекшіге, не менторға төленеді.

Іріктеу комиссиясы – құрамына командаларды іріктеу мақсатында Конкурстың ІІ кезеңінде тәуелсіз сарапшылар мен демеушінің өкілдері тартылуы мүмкін ұйымдастырушы құратын комиссия (келісім бойынша).

Жобалардың сараптамасы – жобаның коммерцияландыруға әлеуетін, болжамды техникалық және өндірістік тәуекелдерін, коммерциялық тартымдылығын, сондай-ақ жобаның бірегейлігін бағалауға байланысты қызмет (плагиатты қоспағанда). Жобаларды сараптауды сараптамалық қызмет көрсетуге жасалған шарттарға сәйкес қызмет көрсететін тәуелсіз сарапшылар жүргізеді.

Сарапшы – жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, кемінде он жыл жалпы жұмыс тәжірибесі, не кемінде бес жыл ғылыми қызмет істеп жүрген, жобаларды бағалау кезінде тәуелсіз сараптамалық қорытынды ұсынатын жеке тұлға, ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесінің болуы, оның ішінде сарапшы ретінде әрекет ететін қызмет бағытында жұмыс істеуі ұсынылады.

Семинарлар (тренингтер, вебинарлар, воркшоптар) – байқауға қатысушылардың әлеуетін арттыруға, кәсіби дағдыларын, соның ішінде жобалық/командалық жұмыстарын бекітуге, білім мен тәжірибе алмасуға және т. б. бағытталған оқытатын интерактивті/онлайн іс-шаралар.

Видеореюме – команда туралы қысқа презентациялық бейнеролик (ұзақтығы 3-4 мин. дейін) және жоба паспортының қысқаша көрінісі.

Байқаудың төрешілері – Демеуші, Ұйымдастырушы және (немесе) мемлекеттік органдар, ғылыми институттар өкілдерінің қатысуын қоса алғанда, мұнай-газ/энергетика салалары, ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелері өкілдерінен құралатын, конкурс қорытындысы бойынша жүлделер беру туралы шешім қабылдайтын комиссия.

Байқаудың жеңімпаздары – төрешілердің шешімі негізінде жеңімпаз деп танылған командалар.

Жобаның нәтижелері – жобаны орындау барысында алынған, оның ішінде қағаз және электрондық тасығыштарға жазылған, қазіргі экономикалық жағдайларға бейімделген инновациялық және/немесе трансферттік білімдер, технологиялар, шешімдер және т. б.

Байқау төрешілерінің шешімі – байқаудың қорытынды кезеңінде төрешілердің қатысушы мүшелері толтырған бағалау парақтарының негізіндегі шешім және жүлдені ұсыну туралы мәліметтерден тұратын хаттама.

Жүлде – төрешілердің шешімі бойынша үш командаға өтеусіз негізде берілетін ақшалай қаражат.

3. Мақсат

Қазақстанның студент жастары арасында энергетикалық міндеттердің әлеуетті инновациялық шешімдерін дамытуға мүмкіндік беру.

4. Міндеттер

- Қазақстан студенттерінің кәсіби және тұлғалық әлеуетін дамытуға жәрдемдесу;
- энергетиканың, экологияның, "жасыл" экономиканың және оларға байланысты міндеттердің маңыздылығын кеңінен түсінуге ықпал ету;
- инженерлік ойлау мен шығармашылықты дамытуды қолдау;
- қатысушылар арасындағы байланыстарды нығайтуға, тәжірибе алмасуға және өзекті білім алуға ықпал ету;
- қазақстандық студенттерге индустрияда озық тәжірибе мен техникалық дағдыларды табыстау;
- болашақта гранттық жобаларға қатысу саласындағы құзыреттіліктерді жинақтауға және капиталдандыруға, сондай-ақ оларды одан әрі ғылыми және кәсіпкерлік қызметке уәждемелеуге және т. б. тәжірибені дарыту.

5. Байқауға қатысу үшін шешім/жоба ұсынуға қойылатын талаптар және өткізу тәртібі

Байқау жұмыстарының бағыты мен тақырыбы³

а) Тау-кен және өңдеу салаларындағы тиімділікті арттыру

(Барлау / Өндіру/Тасымалдау / Сақтау/Қайта Өңдеу/Өткізу)

тақырыптар:

- мұнай өндіру кезінде ұңғымаларды суландыруды төмендету;
- мұнай және газ өндіру кезінде құм шығуын төмендететін технологиялар;
- мұнай мен газды терең өңдеу;
- мұнай және газ өңдеудің технологиялық процестерін жетілдіру;
- ұңғымаларда тұз шөгінділерінің пайда болуын жою;
- қабаттың мұнай беруін арттыру;
- көмірді терең өңдеу. Көміртекті материалдарды, композиттер мен нанокұрылымдарды және

т. б. алу.

Байқау жұмыстарының бағыты мен тақырыбы

б) Электр энергетикасы/Жаңартылатын және баламалы энергия көздері

тақырыптар:

- энергия тиімділігін арттыру;
- көмір және бу-газ электр станцияларында электр энергиясын өндіру кезінде жағылатын отынды пайдаланудың экологиялық әдістері;
- қолданыстағы қуаттылықтардың операциялық тиімділігін арттыру (отынға шығындарды төмендету және т. б.);
- электр энергиясын беру кезіндегі шығындарды төмендету;
- электр энергиясын тарату үшін қазіргі заманғы жабдықтарды қолдану;
- энергияны жинақтау: электр энергиясын сақтаудың жаңа технологияларын енгізу;
- электр энергиясын таратуға арналған жаңа тәсілдер және т. б..

Байқау жұмыстарының бағыты мен тақырыбы

с) Экология/Денсаулық қорғау

тақырыптар:

- қоршаған ортаның сапасын жақсарту;
- өндірістік қызметтен ластаушылардың шығарындыларын азайту;
- қалалық/ауылдық (муниципалдық) және өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату;
- Қазақстанның энергетикалық кәсіпорындарында ЕҚТ (ең үздік қолжетімді технологиялар) енгізу;
- мұнай және (немесе) газ, көмір өндіру кезінде; мұнай айдайтын және мұнай-химия кәсіпорындарында соңғы өнімдерді өндіру кезінде CO₂ шығарындыларын азайту технологиялары;
- көліктегі CO₂ шығарындыларын азайту технологиялары;
- портативті тыныс алу сүзгілерінің технологиясы және т. б.

Байқау жұмыстарының бағыты мен тақырыбы

d) Өндіруші салаларда сандық технологиялар мен тиімді инновациялық шешімдерді енгізу (Big Data, бұлтты есептеулер, жасанды интеллект, машиналық оқыту, зияткерлік робототехникалық жүйелер, VR және AR жүйелері, смарт технологиялар және т. б. зияткерлік басқару және шешім қабылдау жүйелері)

тақырыптар:

- интеллектуалды ұңғыма;
- таза көмір инновациясы мен технологиясы;
- электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну кезінде Smart технологияларды пайдалану және қолдану (Smart Grid және басқалары);
- қауіпсіздікті (жол, жеке және өндірістік) қамтамасыз ету және басқалары.

Байқау жұмыстарының бағыты мен тақырыбы

³ Ұсынылған тақырыптар (a, b, c, d, e) кеңестік сипатта болады және оларды негізгі бағыттар аясында өзгертуге болады.

е) Су үнемдейтін технологиялар

тақырыптар:

- өнеркәсіптік пайдалану; коммерциялық пайдалану; үйде пайдалану және т. б.

6. Шешімді/жобаны ұсынуға қойылатын талаптар

1. Әр ЖОО-дан бірнеше команда қатыса алады. Командаларға қойылатын талаптар осы Ережеге № 1 қосымшада сипатталған. Байқауға команда атауын, оны қалыптастыру принципін сипаттай отырып, команданың әрбір қатысушысын көрсете отырып, осы Ереженің № 2 қосымшасында келтірілген жоба паспорты нысанында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шешім/жоба ұсынылады. Бар болса жобаның кезеңдері туралы материалдарды, схемаларды, чертеждерді, сызбаларды, фотосуреттерді, кестелерді, ұсыным хаттарды және басқа да мәліметтерді қоса беру ұсынылады.

2. Конкурстың III кезеңінен өткен командаларға Ұйымдастырушы әдістемелік ұсынымдарға (осы Ережеге № 6 қосымшада келтірілген) сәйкес жобаларды визуализациялау бойынша видеоролик-презентациялар әзірлеу үшін визуализация саласында әлеуетті жеткізушілерді іздестіруді бастау және ... сілтеме бойынша видео нұсқаумен танысуды ұсынады.

Бұл ретте, Ұйымдастырушы жартылай финалға (IV кезең) өткен сегіз командаға ғана өздері таңдаған жеткізушілермен видеоролик-презентациялар әзірлеу кезінде барлық техникалық сәттерді пысықтау қажет екеніне назар аударады, оларға ақы төлеу белгіленген мерзімде ақшалай қаражаттың лимиттелген сомасы шегінде байқау қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бұл видеоролик-презентацияларды V кезеңде жобаларды қорғау кезінде командалар көрсетеді.

7. Байқауды өткізу кезеңдері

Байқау кезеңдерінің сипаттамасы	Жауаптылар	Мерзімі
<u>I кезең:</u>		
1. Төмендегілерге жариялау арқылы байқау туралы хабарлау: 1) әлеуметтік желілер (Инстаграмм, Фейсбук) 2) Ұйымдастырушы мен Демеушінің сайттарындағы видеоролик-нұсқаулық (келісім бойынша) 3) KAZENERGY журналындағы ақпарат 4) KAZENERGY бюллетеніндегі ақпарат 5) ҚР ЖООКБ шақыру хаттар жіберу	Ұйымдастырушы, Демеуші (келісім бойынша)	18 ақпаннан бастап
2. Үш-бес адамнан тұратын команда құру және оған атау беру 3. www.kazenergy.com – Білім беру бағдарламасы – Student Energy Challenge байқауы сайтында команданы онлайн-тіркеу (<i>тақырып пен жобаны тіркеу кезінде таңдалған тақырыпты және жобаны команда видеорезюме ұсынғанға дейін өзгертуге/нақтылауға жол беріледі.</i>)	Командалар	наурыз
<u>II кезең:</u>		
1. Тіркелген күннен бастап үш күн ішінде олардың тіркелуін растайтыны туралы командаларға хабарлау	Ұйымдастырушы	1 сәуірге дейін
2. Командалар ұсынған видеорезюмені бағалау	Ұйымдастырушы,	10 сәуірге дейін

үшін іріктеу комиссиясын құру	Демеуші (келісім бойынша)	
3.Командалардың осы Ережеге 1-қосымшада берілген талаптарды ескере отырып видеорезюме ұсынуы	Командалар	25 сәуірге дейін
4.Командалардың видеорезюмесіне қойылатын талаптар мен бағалау қағаздарын Іріктеу комиссиясының мүшелеріне танысып, бағалау үшін жіберу	Ұйымдастырушы	4 мамырға дейін
5.Іріктеу комиссиясы мүшелерінің командалардың видеорезюмелерін бағалауы және осы Ережеге 4-қосымшаға сай Ұйымдастырушыға бағалау қағаздарын ұсынуы	Іріктеу комиссиясы	25 мамырға дейін
6.Іріктеу комиссиясының мүшелеріне команда тізімін саралап, сырттай дауыс беру бюллетенін жіберу	Ұйымдастырушы	27 мамырға дейін
7.Іріктеу комиссиясы мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетенін жинауы	Ұйымдастырушы	30 мамырға дейін
8.Іріктеу комиссиясы мүшелерінің байқаудың 12 (он екі) командасын іріктеу хаттамасына қол қоюы	Ұйымдастырушы	
9.Ұйымдастырушының, Демеушінің сайттарына команда тізімдерін жариялау (келісім бойынша)	Ұйымдастырушы, Демеуші (келісім бойынша)	31 мамырға дейін
III кезең:		
1. Байқаудың III кезеңіне өткен командалардың осы Ережеге 2-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес жоба паспорттарын әзірлеуге кірісуі	Командалар	1 маусымнан бастап
2. «Shell NXplorers» сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке қатысу, Нұр-Сұлтан қ.	Командалар	2-3 шілде
3. Байқау Координаторының электронды почтасына қаза, орыс және ағылшын тілдеріндегі жоба паспорттарын ұсыну	Командалар	22 шілде
4. Осы Ережеге 10-қосымшада көрсетілген ұсыныстарға сәйкес жоба паспорттарының видеопрезентациясын құру жөніндегі техникалық тапсырманы орындауды бастау. Видеопрезентация бойынша техникалық тапсырма құру жөніндегі видеонұсқаулықпен танысу да ұсынылады.	Командалар	22 шілдеден бастап
5. Видеопрезентация дайындау бойынша қызмет жеткізушісін іздеуді бастау	Командалар	22 шілдеден бастап
IV кезең:		
1. Командалардың жоба паспорттарын тәуелсіз сарапшыға жіберуі	Ұйымдастырушы	27 шілде
2. Жоба паспорттарына тәуелсіз сараптаудың уақтылы жүргізілуіне мониторинг жүргізу	Ұйымдастырушы	7 тамызға дейін
3. Тәуелсіз сарапшылардың ұйымдастырушыға жобалардың паспорттары бойынша сараптамалық қорытындылар мен бағалау қағаздарын ұсынуы	Тәуелсіз сарапшылар	8 тамыз
4. Тәуелсіз сараптамалық қорытындылардың және жартылай финалшы-командаларды іріктеу негізінде сараланған тізімді құру	Ұйымдастырушы	12 тамыз

5. Жартылай финалшы командалардың тізімін Ұйымдастырушы мен Демеушінің сайттарына жариялау (келісім бойынша)	Ұйымдастырушы, Демеуші (келісім бойынша)	13 тамыз
6. Жартылай финалшы командаларға жобаны қорғауға қатысуға шақыру хаттар жіберу	Ұйымдастырушы	30 тамызға дейін
7. Ұйымдастырушыға жоба паспорттарының видеопрезентациясын құру бойынша техникалық тапсырманы ұсыну	Жартылай финалшы-командалар	16 тамызға дейін
8. Ұйымдастырушыға шарт жасасу үшін видеопрезентация әзірлеу бойынша қызмет жеткізушілерінің деректемелерін ұсыну	Жартылай финалшы-командалар	
9. Жартылай финалшы-командалар мәлімдеген (таңдаған) визуалдау саласындағы қызметтердің жеткізушілерімен шарт жасасу	Ұйымдастырушы	21 тамызға дейін
10. Командалардың вебинарға қатысуы	Жартылай финалшы-командалар	тамыз айында
V кезең:		
1. Байқаудың төрешілеріне жартылай финалшы-командалардың жобаларының паспорттарын және сараптамалық қорытындыларды қарауға ұсыну	Ұйымдастырушы	10 қыркүйек
2. Жартылай финалшы командаларға жобаны қорғауға қатысуға шақыру хаттар жіберу	Ұйымдастырушы	10 қыркүйекке дейін
3. Осы Ережеге 6-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес жартылай финалшы-командалардың видеопрезентация дайындауы	Жартылай финалшы-командалар	15 қыркүйекке дейін
4. Визуалдау саласындағы қызметтердің жеткізушілерінің (орындаушылардың) жартылай финалшы-командалардың видеопрезентацияларын шарттың талаптарына сәйкес Орындаушыға ұсынуы	Ұйымдастырушы, Жартылай финалшы-командалар	15 қыркүйекке дейін
5. Жартылай финалшы-командалардың өз жобаларының паспорттарын төрешілердің алдында белгіленген регламентке сай (15 минут) Ұйымдастырушы көрсеткен мерзімде қорғауға қатысуы	Жартылай финалшы-командалар	30.09.2020 ж., Алматы қ.
6. Жартылай финалда жоба паспорттарын қорғау қорытындысы бойынша финалшы командаларды анықтау (төрешілердің алдында 1-ші күн қорғау)	Ұйымдастырушы	
7. Финалшы командалардың өз жобаларын elevator-pitch стилінде (регламент – 3 мин.) төрешілер алдында қорғауы	Финалшы-командалар	01.10.2020 ж., Алматы қ.
8. Байқау жеңімпаздары туралы Ұйымдастырушы мен Демеушінің сайттарында, әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау (келісім бойынша)	Ұйымдастырушы, Демеуші (келісім бойынша)	Финал қорытындысы бойынша
10. Студенттік командалардың байқауға қатысқандары үшін ЖООКБ алғыс хаттар жіберу	Ұйымдастырушы	10 күн бойы

Команда капитаны **2020 жылғы 20 наурызға дейін** өз командасын www.kazenergy.com → Негізгі → Қызметтер → Білім беру бағдарламасы → Student Energy Challenge байқауы → Тіркеу нысаны сілтемесі бойынша тіркеу қажет.

8. Жобаларды бағалау тәртібі

1. Өңірлердің командаларына байқауға қатысқаны үшін 1 балл беріледі (Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларын қоспағанда).

2. Іріктеу комиссиясы осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес байқауға қатысушы командалардың видеорежиссурасына баға береді. Іріктеу комиссиясы мүшелерінің бағалау қорытындысы бойынша ұйымдастырушы байқаудың III кезеңіне өткен командалар тізімін қалыптастырады.

3. Байқаудың III кезеңіне өткен командалар осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес таңдап алынған тақырыпқа және әзірлеуге қойылатын талаптарға сәйкес жобалар паспорттарын әзірлеуге кіріседі.

4. Байқаудың III кезеңіне өткен командаларға «Shell NXplorer» сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша рренингке қатысқаны үшін 1 балл беріледі.

5. Тәуелсіз сарапшылар байқаудың III кезеңіне өткен командалар жобаларының паспорттарына баға беріп, әрбір жобаға сараптамалық қорытынды жазады. Тәуелсіз сараптаманың нәтижелері (бағалау парақтары, сараптамалық қорытындылар) ұйымдастырушыға ұсынылады. Жобалар паспорттарын тәуелсіз бағалау қорытындылары бойынша IV кезеңнен өткен конкурстың жартылай финалшы-командаларының тізімі жасалады.

6. Байқаудың IV кезеңінде жартылай финалға шыққан командалар осы Ережеге 10-қосымшада көрсетілген ұсынымдарға сәйкес видеопрезентациялар әзірлеуге кіріседі.

7. Жартылай финалшы-командаларға вебинар(лар)ға қатысқандары үшін 0,5 балл беріледі.

8. Байқаудың төрешілері команда жобаларының келіп түскен паспорттарын, тәуелсіз сарапшылардың бағасын, сараптамалық қорытындыларды қарайды және олардың негізінде осы Ереженің 7-қосымшасына (1 және 2-кестелер) сәйкес бағалау парағын толтырады.

9. Байқаудың V кезеңінде жартылай финалға шыққан командалар төрешілер алдында жоба паспорттарын қорғайды (регламент – 15 мин). Төрешілер қорғау қорытындысы бойынша elevator-pitch стиліндегі бағалаудағы өз жобаларын қорғау үшін финалшы-командаларды анықтау туралы шешім шығарады (3 минутқа дейін).

10. Байқаудың төрешілері финалшы-командалардың өнер көрсету қорытындылары бойынша байқау жеңімпаздарын анықтау туралы шешім шығарады, байқауда алған орындарға сәйкес жүлде қорын тағайындайды.

9. Жеңімпаздарды наградтау

Ұйымдастырушы Демеушімен келісім бойынша Student Energy Challenge байқауының жартылай финалы мен финалын өткізу күні мен орнын анықтау құқығын өзіне қалдырады.

Байқаудың жартылай финалы мен финалын өткізу туралы хабарландыру ұйымдастырушының сайтында, әлеуметтік желілерде және т. б. жарияланады, Байқау Координаторы қосымша жартылай-финалшы командаларға электронды почта арқылы және (мобильді байланысқа арналған шапшаң мәтіндік хабарлама жіберу, мысалы, whatsapp, telegram және басқалары арқылы) командалардың капитандары арқылы хабарлайды.

Жеңімпаз командалар байқаудың финалында жарияланады және төрешілер наградтайды. Байқаудың өтетін орны, күні команда жобаларын қорғаудан бірнеше ай бұрын анықталатын болады.

Жүлде қоры (салықтарды қоспағанда теңгемен):

- **1-орын** – 10 000 АҚШ доллары;
- **2-орын** – 5 000 АҚШ доллары;
- **3-орын** – 3 000 АҚШ доллары.

10. Қатысушылардың тренингке және Байқауға жұмсайтын шығындарын төлеу тәртібі

1. III кезеңге өткен командалардың Нұр-Сұлтан қ. «Shell NXplorers» сыни ойлау дағдыларын дамыту жөніндегі тренингке қатысуы мақсатында Ұйымдастырушы Байқау қаражатын есебінен тегін негізде Байқау қатысушыларының: Нұр-Сұлтан қаласына барып-қайту жолын (*ұйымдастырушының қарап-шешуіне қарай авиа- немесе теміржол көлігімен*), тұратын орны мен тамақтану ақысын төлейді.

Тренингке, жартылай финалға және конкурстың финалына қатысу үшін команда мүшелеріне жол жүру ақысы командасы өкіл болып келетін ЖОО-ның орналасқан жері бойынша екі жаққа да төленеді.

2. IV кезеңде жартылай финалға шыққан командалардың видеоролик-презентацияны (осы Ереженің № 6 қосымшасына сәйкес) дайындауы мақсатында Ұйымдастырушы шарт негізінде визуалды креатив саласындағы қызметтерді жеткізушілерге лимиттелген ақша қаражатын жібереді.

Командаларға видеоролик – презентация жасайтын компанияны таңдау құқығы қалдырылады.

3. IV кезеңде байқаудың төрешілері алдында жобаны қорғауға жартылай финалшы-командалардың қатысуы мақсатында Ұйымдастырушы байқауға қатысушыларға өтеусіз негізде: қорғауды өткізу орнына (қаласына) екі жаққа барып-қайту (*ұйымдастырушылардың қарап-шешуі бойынша авиа - немесе теміржол көлігімен*), тұратын орны мен тамақтану ақысын төлейді.

1.1. Командаларға қойылатын талаптар

2. Байқауға бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша оқып жатқан Қазақстан ЖОО 18 бен 29 жас аралығындағы студенттері қатыса алады.

3. Алдыңғы жылдары «Student Energy Challenge» байқауларына ұқсас тақырыптармен немесе әзірлемелермен қатысып, жүлделі орын алған командалар қатыстырылмайды.

4. Команда құрамында үштен бастап бес адамға дейін құралуы және қазақстандық ЖОО бірінен болуы қажет (әртүрлі мамандықтар мен оқу курстары рұқсат етіледі).

5. Командаларға гендерлік теңдікті сақтап, команданы екі жыныс өкілдерінен құру ұсынылады.

6. Команда капитаны байқау ережелерінің шегінде өз командасының барлық мүшелері үшін жауапты болады (өз іс-қимылдары үшін Ұйымдастырушы алдында жауапты болады) және Нұр-Сұлтан қаласындағы «Shell NXplorers» тренингіне команданың кемінде екі мүшесінің қатысуын қоса алғанда, Байқаудың барлық кезеңдеріне команданың қатысуына кепілдік береді.

7. Байқау кезінде команда капитанына жеткізілген кез келген ақпарат тұтас командаға жеткізілген болып саналады.

8. Командалар өз жобаларын ақпараттық жариялау шегінде жобаның Ұйымдастырушысы мен Демеушісіне теңдей дәрежеде хабарлау бойынша міндеттеме алады («KAZENERGY» қауымдастығы және «Шелл Қазақстан»).

9. Командалар байқауға қатысты кез келген қағаз және электрондық материалдарда, хабарламаларда, оның ішінде видео және презентациялық материалдарда Ұйымдастырушының және Демеушінің брендтерін пайдалану талаптарын сақтауы тиіс.

1.2. Видеорезюме ұсыну бойынша талаптар

Видеорезюме – команда және жобаның сипаттамасы туралы қысқаша презентациялық видеоролик (ұзақтығы 3-4 мин.). Кез келген қолжетімді құрылғымен көлденең ажыратымыдылықпен еркін нысанда жазылады.

Видеорезюме байқауға іріктеудің бастапқы кезеңі болып табылады. Креативті видеорезюме ұсынуға болады. Монтажға рұқсат етіледі.

Командалардың видеорезюмеде жауап беретін сұрақтары:

- 1) Капитанды және команда мүшелерін таныстыру.
- 2) Жоба тақырыбының атауы және таңдалған тақырыптың негіздемесі. Егер бар болса, таңдап алынған тақырыптағы өз жетістіктеріңіз туралы айтып беріңіз.
- 3) Мақсатқа қол жеткізудің бірнеше жолын атап көрсетіңіз.
- 4) Жоба идеясының ерекшелігі неде? Жобаның мақсатына қол жеткізу үшін өзіңіздің қандай жаңалықтарды қолданатыныңызды айтып беріңіз.
- 5) Жобаны одан әрі енгізген жағдайда оның қандай экономикалық және экологиялық нәтижесі күтіледі? Сіз өз жобаныңды инвестициялауға тартымды деп санайсыз ба?
- 6) Команданың әрбір мүшесі, олардың қызығушылығы мен жетістіктері туралы қысқаша айтып беріңіз.
- 7) Байқауға не үшін қатысқыңыз келеді?
- 8) Байқауға қатысудан не күтесіз?

1.3. Қағаз тасығышта ұсынылған жобаларды ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Тілі – қазақ, орыс және ағылшын.
2. Жалпы көлемі – 10 беттен 20 бетке дейін.
3. Жоба мынадай түрде ұсынылады: электронды түрде Microsoft Word редакторы форматында, Times New Roman қарпімен, көлемі – 14, абзацтық аралығы – 1,25 см,

жоларалық арылығы – 1. Құжаттың жиегі: сол, жоғарғы және төменгі – 2,5 см, оң – 1,5 см. Мәтін тасымалданбайды. Беттердің нөмірленуі – беттің жоғарғы жағында, ортасында.

4. Тақырыптың безендірілуі – барлық жолдар қалың қаріппен жазылады.

Бірінші жолда (мәтінді ені бойынша түзету) команданың атауы көрсетіледі. Екінші жолда: ЖООКБ атауы. Үшінші жолда: жоба бағытының тақырыбы (*үлгісі төменде*).

Жоба паспортының бірінші бетін ресімдеу үлгісі

«Student Energy Challenge» командалық зияткерлік байқауы

Команданың атауы «_____»

ЖОО атауы «_____»

Жобаның бағыты мен тақырыбының атауы
«_____»

Команда мүшелерінің ТАӘ:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Ғылыми жетекші:

(ТАӘ) _____

Ментор:

(ТАӘ) _____

2020 жыл

ЖОБА ПАСПОРТЫН ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Жобаның атауы _____
2. Жобаның өзектілігі _____
3. Экологиялық негіздеме _____
4. Экономикалық негіздеме _____

Жоба паспортында мынадай мәселелерді/тармақтарды ашу қажет:

- Сіздің жобаңыз (a, b, c, d, e) бағыттарының қайсысына жатады?
- Жобаның атауы (ең көбі 50 сөз).
- Жобаның жалпы көлемі – 10 беттен 20 бетке дейін.
- Жобаның қысқаша сипаттамасы (ең көбі 1200 сөз).
- Жобаның детальдарын ұсыныңыз.
- Сіздің ұсынысыңыз қандай мәселені шешеді? Ол қалай жұмыс істейді?
- Сіздің жобаның нәтижесі қандай/ пайдасы қандай?
- Қорытынды нәтиже қандай (өнім, процесс, қызмет, технология және т.б.)
- Сіздің өніміңіз қандай да бір байқауларға қатысуға ұсынылды ма? Егер ұсынылса, қандай байқауға ұсынылды? Нәтижесі қандай болды?
- Сіздің өніміңіз бойынша нарыққа қандай да бір зерттеу жүргізілді ме? Егер жүргізілген болса, сипаттап беріңіз (ең көбі 600 сөз).
- Сіздің өніміңіз/процесіңіз/қызметіңіз/технологияңыз нарықтағы қандай проблеманы/міндетті шеше алады?
- Сіздің өніміңізді үшінші тараптар қарастырды ма? Егер қарастырса, олар кімдер?
- Егер бар болса, қажетті қолдаушы құжаттаманы ұсынуыңызды өтінеміз (графика, схема, чертеж және басқалары) (ең көбі 5 бет, форматы А 4).
- Өз өніміңіздің нарығын/ тұтынушылар тобын анықтауыңызды өтінеміз.
- Экономикалық негіздеме, коммерцияландыру мүмкіндігі.

Команданы сипаттау

- ЖОО атауы.
 - Команданың атауы.
 - Капитанның және команданың байланыс деректемелері, оның ішінде ТАӘ, оқитын курсы, факультеті, мамандығы, email, телефоны.
 - Ғылыми жетекшінің, ментордың байланыс деректемелері (егер екеуі де болса немесе біреуінің) – email, телефон/факс (ТАӘ, лауазымы және/немесе жұмыс орны).
- (Команданың барлық мүшелерін оқып жатқан мамандығын, оқитын курсын қоса алғанда қысқаша өмірбаянымен қоса көрсетуіңізді, ғылыми жетекшінің/ментордың (егер екеуі де болса немесе біреуінің) біліктілігін, академиялық мәліметтерін, командадағы ролін көрсетуіңізді өтінеміз. (эрқайсысының өмірбаянына ең көбі 500 сөз)).

Байқау үшін әзірленген кез келген өнімдер, процестер, қызметтер, технологиялар немесе кез келген басқа зияткерлік меншік авторлардың меншігінде қалатынына назар аударыңыз.

Команда капитаны _____ (қолы)

Ғылыми жетекші (бар болса) _____ (қолы)

Команда менторы (бар болса) _____ (қолы)

*Байқау Ережесіне
№ 3 қосымша*

«Student Energy Challenge» байқауына қатысушы команданы тіркеу нысаны	
Команданың атауы	
Команда капитанының Т.А.Ә. <i>(толық жазу керек)</i>	Факультет (мамандық, курс)
Команда мүшелерінің Т.А.Ә. <i>(толық жазу керек)</i>	Факультет (мамандық, курс)
Ғылыми жетекшінің Т.А.Ә. <i>(бар болса)</i>	
Ғылыми жетекшінің байланыс деректемелері	
Команда менторының Т.А.Ә. <i>(бар болса)</i>	
Жобаның атауы <i>(видеорезюме ұсынылғанға дейін өзгертуге және нақтылауға болады)</i>	Тізімнен таңдап алу <i>(ұсынылған тақырыптарды жүгіртіп қарау)</i> Таңдап алынған тақырыпты видеорезюме ұсынылғанға дейін өзгертуге және нақтылауға болады
Оқу орны	Тізімнен таңдап алу <i>(ЖОО тізімін жүгіртіп қарау)</i>
Команда капитаны мен мүшелерінің байланыс деректемелері	
Команда капитаны мен мүшелерінің e-mail	
Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі аккаунттары <i>(бар болса)</i>	

Келісім

қатысатынымызды растаймыз. Байқау ережесіне сай қатысу шарттарымен таныстық және ұсынылған деректердің дұрыстығына толық жауапкершілік аламыз. Тіркеу кезінде көрсетілген барлық деректерді өңдеуге, фото-видеотүсірілмеге келісім береміз және Ұйымдастырушының, Демеушінің байқауды алға бастыру мақсатында материалды пайдалануларына қарсы емеспіз.

Растау * (Сіз жоғарыда мазмұндалған шарттарды қабылдауға тиіссіз)

Біз шарттарды қабылдаймыз	√
---------------------------	---

*- міндетті түрде толтырылады

«STUDENT ENERGY CHALLENGE» БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАНЫҢ ВИДЕОРЕЗЮМЕСІН БАҒАЛАУ ҚАҒАЗЫ⁴

Комиссия мүшелерінің Т.А.Ә. _____ Күні _____ Қолы _____

Реттік №	Командалардың атауы	Команданы таныстыру		Команда жобасының мақсаты мен нәтижесі		Байқаудың таңдалған тақырыбының негіздемесі		Жоба идеясының ерекшелігі неде? Жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қандай жаңалықтарды қолданатынын айтып беру		Жобаны одан әрі іске асырған жағдайда оның экономикалық және экологиялық әсері туралы айту		Байқауға қатысудан күтілетін нәтижелер		Инвестиция үшін жобаның тартымдылығы туралы айту		Команданың бәсекеге қабілеттілігі н негіздеу		Бацқауға қатысу себебі		ҚОРЫТЫНДЫ Ең көбі – 100 балл		
		Ең көбі – 5 балл		Ең көбі – 15 балл		Ең көбі – 10 балл		Ең көбі – 15 балл		Ең көбі – 15 балл		Ең көбі – 10 балл		Ең көбі – 15 балл		Ең көбі – 10 балл		Ең көбі – 5 балл		Рейтинг	Балдардың жиынтық саны	
		Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	
1																						
2																						
3																						
4																						
5																						
6																						
7																						
8																						
9																						
10																						
11																						
12																						
....																						

⁴ Бағалау қағазы А3 форматында басып шығарылады

	до 37%	38-58%	59-79%	80-100%
Ең көбі - 5	0-1,85	1,9-2,9	2,95-3,95	4-5
Ең көбі - 10	0-3,7	3,8-5,8	5,9-7,9	8-10
Ең көбі - 15	0-5,55	5,7-8,7	8,85-11,85	12-15

Ескертпе:

- 1) 80-100% – Өте жақсы
- 2) 59-79% – Жақсы
- 3) 38-58% – Қанағаттанарлық
- 4) 37% дейін – Қанағаттанарлықсыз

Жобаларды сараптаудың бағалау қағазы⁵

Сарапшының Т.А.Ә. _____

Күні _____

Қолы _____

Қорытынды бағасы мынадай тәртіппен анықталады:

41 – 50 балл (өте жақсы)

31 – 40 балл (жақсы)

21 – 30 балл (қанағаттанарлық)

10 – 20 балл (қанағаттанарлықсыз)

Жоба паспорттарын сараптаудың бағалау өлшемдері								
Реттік №	Команда (ЖООКБ) атауы	Жобаның тақырыбы	Экологиялық маңызы	Экономикалық маңызы	Ұлттық және/немесе жаһандық энергетикалық проблемаға байланысты мәселені шешудегі жобаның маңызы	Жобаның жұмыс ітсеу/іске асыру кезеңдерінің схемасы	Қорытынды нәтижет/ тиімділік	ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА (ең көбі – 50 балл)
			Ең көбі – 10 балл	Ең көбі – 10 балл	Ең көбі – 10 балл	Ең көбі – 10 балл	Ең көбі – 10 балл	
			1	2	3	4	5	6
1								
2								
3								
4								
5								
6								
7								
8								

⁵ Бағалау қағазы А3 форматында басып шығарылады

Командалар презентациялайтын жобаларды дайындау және визуалдау бойынша ұсыныстар

Мақсат: жобалау жұмыстарын визуализациялау үшін іріктелген командалар V кезеңде (14 тамыздан 15 қыркүйекке дейін) ұйымдастырушыға презентациялар түрінде толық жобалық ұсыныстарды ұсынуы қажет.

Әзірлеуге арналған қаражат сомасы: 300 000 (үш жүз мың) теңге (ҚҚС есептегенде) Тапсырыс беруші (KAZENERGY Қауымдастығы) мен өнім беруші (командалардың таңдауы бойынша анықталған визуалды креатив саласындағы қызметтерді орындаушы) арасында жасалған шарт негізінде іріктелген командалардың әрқайсысына ұсынылады.

Күтілетін нәтиже: 2D графика немесе 3D графикамен аралас, анимация (контенттік, ақпараттық элементтер) элементтерін қолдана отырып 3 минутқа дейін жасалған бейнеролик-презентация. Егер ролик командалардың мәлімделген талаптарына сәйкес келсе, тапсырма орындалды деп есептеледі.

Презентациялық роликке қойылатын талаптар:

1. Өнімнің, мақсатының, процестің, технологияның және т.б. сипаттамасы – 30 сек⁶. дейін (атауы, не үшін қажет және т.б.);

2. Ролик 2D немесе аралас 3D, анимация форматында жасалуы тиіс және аспап моделінің жұмыс істеу қағидаттарын, сондай-ақ мақсатқа және т.б. қол жеткізілетін конструктивтік ерекшеліктерін (объектілерді, механизмдерді, құрылымды, ортаны, қозғалмалы/қозғалмайтын механизмдерді модельдеу, құрама компоненттер, жұмыс істеу процесі және т.б.) қамтуы тиіс. (100-120 сек.);

3. Аспаптың/құрылғының басты ерекшеліктерін көрсету (50 сек);

4. Аспаптың жұмысын үлгімен көрсету (50 сек);

5. Роликті Ұйымдастырушыға электронды тасығышпен ұсыну.

6. Визуализация жобаны қорғауды білдірмейді, ол қорғау кезінде командалардың позициясын күшейту үшін қосымша тиімді құрал болып табылады.

Видеопрезентация жасау бойынша техникалық тапсырманы әзірлеу бойынша видеонұсқаулыққа сілтеме: www.kazenergy.com.....

⁶ Болжамды, ұсынылатын уақыт көрсетілген

«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық байқаудың бағалау қағазы⁷

Төрешілердің Т.А.Ә. _____ Күні _____ Қолы _____

Бағалау 10 балдық шкаламен жүргізіледі, онда:

9-10 (өте жақсы)

6-8 (жақсы)

4-5 (қанағаттанарлық)

1-3 (қанағаттанарлықсыз)

* Ескертпе: № 5 қосымша 1 және 2-кестелерден тұрады.

1-кесте

Жобалардың қорғалуын бағалау өлшемдері										
№ п/п	Команда (ЖООКБ) атауы	Жобаның тақырыбы	Жобаның сараптамасы	Жобаның мақсатын, міндеттерін және практикалық маңыздылығын негіздеудегі нақтылық	Жобаны техникалық және экономикалық тұрғыдан іске асырудың негіздемесі және ғылымның, техниканың және өндіріс технологиясының қазіргі жай-күйіне сәйкестігі	Жобалық шешімнің тақырыбын түсіну мен меңгеру және анық баяндау	Күтілетін нәтиженің негіздемесі	Төрешілердің сұрақтарына жауап бере білу (материалды меңгергенін көрсету)	Жұмыста көрнекі құралдарды визуализациялау	ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА (ең көбі – 60 балл)
				ең көбі – 10 балл	ең көбі – 10 балл	ең көбі – 10 балл	ең көбі – 10 балл	ең көбі – 10 балл	ең көбі – 10 балл	
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
8										

⁷ Бағалау қағазы А3 форматында басып шығарылады

«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық байқаудың бағалау қағазы ⁸

Төрешілердің Т.А.Ә. _____ Күні _____ Қолы _____

Бағалау 10 балдық шкаламен жүргізіледі, онда:

9-10 (өте жақсы)

6-8 (жақсы)

4-5 (қанағаттанарлық)

1-3 (қанағаттанарлықсыз)

Таблица 2

Elevator pitch стилінде қорғауды бағалау өлшемдері							
№	Команда (ЖООКБ) атауы	Жобаның тақырыбы	Жобаның сараптамасы	Жобаның мазмұнын ұсынудың түсініктілігі/анықтығы (тереңдігі, ауқымы, шынайылығы)	Жоба бойынша қорытынды мен күтілетін нәтижелерді дәлелдей білу	Тақырыпты дәлелдей білу/менгеруі және ашық сөйлеу (сөйлеу, аудиториямен қарым-қатынас жасай білу, уақытты ұтымды пайдалана білу)	ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА (ең көбі – 30 балл)
				ең көбі – 10 балл	ең көбі – 10 балл	ең көбі – 10 балл	
	1	2	3	4	5	6	7
1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							
8							

⁸ Бағалау қағазы А3 форматында басып шығарылады

«STUDENT ENERGY CHALLENGE» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ ҚАҒАЗЫ/Score sheet of «STUDENT ENERGY CHALLENGE» competition

№	Команда (ЖОО) атауы	Төрешілердің төрағасы		Төрешілер мүшесі		Төрешілер мүшесі		Төрешілер мүшесі		Төрешілер мүшесі		ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ						
		ТАӘ		ТАӘ		ТАӘ		ТАӘ		ТАӘ		Сөз сөйлеуі үшін/ speech score overall	За Elevator pitch	Жобаның сараптама	Shell NXplorers сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке қатысқаны үшін (1 балл)	«Тиімді презентация жасау» вебинарына қатысқаны үшін балл /Score for participation in webinars (0,5 балл)	Өңірлерден келген командаларға қосымша балл (1 балл)	БАЙҚАУ ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ
		Сөз сөйлеуі бағалау / speech score	Elevator pitch	Сөз сөйлеуі бағалау / speech score	Elevator pitch	Сөз сөйлеуі бағалау / speech score	Elevator pitch	Сөз сөйлеуі бағалау / speech score	Elevator pitch	Сөз сөйлеуі бағалау / speech score	Elevator pitch							
1																		
2																		
3																		
4																		
5																		
6																		
7																		
8																		
9																		

Төрешілерге арналған ақпарат

* Егер бірнеше команданың балдары бірдей болса, төрешілер бірауыздан шешімге келуге тырысады. Егер консенсусқа қол жеткізе алмаса, төрешілердің мүшелері сайлаған Төраға түпкілікті шешім қабылдауға құқылы;

* 1-ші, 2 - ші және 3-ші орындарды анықтау кезінде үш команданың жобаларын сараптау және визуализациялау нәтижелеріне, содан кейін байқаудың негізгі кезеңдеріне ұқсас презентацияларды қорғау нәтижелеріне ерекше көңіл бөлу ұсынылады.

- Команданың тұтас вебинарға қатысқаны үшін 0,5 балл беріледі.
- «Shell NXplorers» сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке қатысқаны үшін 1 балл беріледі.
- Өңірлерден келген командаларға (Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларын қоспағанда) 1 балл беріледі.

Сарапшыларға арналған тіркеу нысаны

САРАПШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:			
ТАӘ:			
Азаматтығы:			
Ғылыми дәрежесі:			
Зерттеу және қызығушылық саласы бойынша сараптамалық білім:			
Тәжірибе, сараптамалық бағалау деңгейі:			
Мекеменің және жұмыс орнының атауы (университет, компания және т.б.):			
Байланыс ақпараты:	тел. (жұм):		тел.(моб):
	Email:		Веб-сайт:
Ағылшын тілін меңгеру деңгейі:	<input type="checkbox"/> Native <input type="checkbox"/> Second language (please rate yourself) <input type="checkbox"/> Excellent <input type="checkbox"/> Good <input type="checkbox"/> Fair <input type="checkbox"/> Poor		

* Төменде қол қоя отырып, өзімнің дербес деректерімді өңдеуге келісім беремін.

Қолы _____

Күні _____

Визуализация саласында қызмет көрсетушілердің видеопрезентацияны әзірлеуі үшін техникалық тапсырма құру бойынша ұсынымдар2020 жылғы « ____ » № _____
қызмет көрсету шартына
1-қосымша**«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық байқауына қатысушы командаға (бұдан әрі-Команда) арналған жобаның видеоролик-презентациясын құру бойынша қызмет көрсетуге (бұдан әрі – Қызмет) техникалық тапсырма**

Мақсат: «.....» командасы (бұдан әрі – Команда) жобасының басты сәттеріне төрешілердің назарын аудару және визуалдау.

Күтілетін нәтиже:

2D немесе аралас 3D элементтері графикамен және анимациямен бірге қолданылған ұзақтығы 3 минуттық жобаның басты сәттерін түсіндіретін видеоролик-презентация (бұдан әрі – ролик).

Презентациялық роликке қойылатын талаптар

1. Команда видеопрезентацияны құру үшін қажетті барлық материалдарды жинап, тапсырады.

2. Әзірленетін роликтің кіріспе бөлігінде – «Student Energy Challenge» байқауының логотипінің, ал соңғы бөлігінде – Ұйымдастырушының (тапсырысшы) және Демеушінің («Шелл Қазақстан») логотиптерінің орналастырылуын қарастыру.

3. Сценарийге түзетулерді (келісуді) Команданың ескертпелерін ескере отырып, сондай-ақ қажет болғанда тапсырысшының келісімі бойынша енгізу.

4. Сценарийді Командамен бірге, сондай-ақ қажет болғанда тапсырысшының келісімі бойынша бекіту.

Видеопрезентация мыналарды қамтуы тиіс:

5. Өнімнің, мақсатының, процестің, технологияның және т.б. сипаттамасы;
6. Формат – 2D/3D. Аспап моделінің жұмыс принциптерін, сонымен қатар берілген мақсаттар мен т. б. қол жеткізілетін конструктивтік ерекшеліктерін (объектілерді моделдеу, механизмдер, құрылымдар, орта, қозғалатын / қозғалатын механизмдер, компоненттер, жұмыс процесі және т. б.) көрсету.
7. Аспаптың/құрылғының басты артықшылықтарын түсіндіру;
8. Аспаптың жұмысын үлгімен көрсету.
9. Видеопрезентацияның жалпы графикалық безендірілуі (мәтіндік енгізбелер, графика, түстік түзетулер) бірыңғай стильде жасалуы тиіс.
10. Мәтіндік енгізбелер және/немесе титрлер видеопрезентацияда, сәйкесінше әрбір жеке видеороликте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілуі тиіс.

Тұжырым

11. Видеороликтерді DVD/CD-дискіге, сондай-ақ қажет болғанда басқа тасығыштарға жазып, Тапсырысшыға 2 (екі) данада тапсыру және қажет болса электронды почтаға жіберу.

12. Егер видеопрезентация Команда мәлімдеген талаптарға сәйкес болса, тапсырма орындалған болып саналады.

Сапасына қойылатын талаптар

1. Жеткізуші (Орындаушы) сапалы қызмет көрсетуге, сондай-ақ техникалық тапсырмаға, Тапсырыс беруші мен команданың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге кепілдік береді.

2. Жеткізуші (Орындаушы) көрсетілген жұмыс көлемінің Шартта белгіленген мерзімде орындалуын қамтамасыз етеді.

3. Жеткізуші (Орындаушы) Тапсырыс берушімен және командамен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

4. Тапсырыс берушінің және команданың барлық ұсыныстарын орындайды.

Орындау мерзімі: 2020 жылғы ... дейін.